

«BLOCKCHAIN» пәндік – интеллектуалдық олимпиадасы» қалалық байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Орталық) жоспарына сәйкес «BLOCKCHAIN» пәндік – интеллектуалдық олимпиадасы қатысушылардың логикалық, аналитикалық және бағдарламалау қабілеттерін жетілдіру, заманауи цифрлық технологиялармен жасанды интеллект жұмыс істеу дағдыларын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «BLOCKCHAIN» пәндік – интеллектуалдық олимпиадасы 2025 жылдың 22-29 қараша күндері аралығында қала мектептерінің информатика пәні мұғалімдері арасында өткізілсін.
2. «BLOCKCHAIN» пәндік – интеллектуалдық қалалық олимпиадасы байқауының ережесі (бұдан әрі – Олимпиада) бекітілсін.
3. Олимпиада комиссия құрамы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды басшының орынбасары А.Мухамеджановаға жүктелсін.

Басшы



С. Дауешова

«БЕКІТЕМІН»

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшы С.М. Дауешова

« 6 » 11 2025ж

**Информатика пәні мұғалімдеріне арналған қалалық
«BLOCKCHAIN»
пәндік-интеллектуалдық олимпиадасының
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы ереже Астана қаласының мектептерінің информатика пәні мұғалімдеріне арналған «**Blockchain**» пәндік-интеллектуалдық олимпиадасының (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық қызметін, олимпиадаға қатысушылар және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.
- 1.2. Олимпиаданы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК өткізеді.
- 1.3. Олимпиаданың мақсаты: информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби жетістіктерге, жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылысын арттыру
- 1.4. Олимпиаданың міндеттері:
 - информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін арттыру;
 - олардың пәндік және интеллектуалдық қабілеттілік деңгейін көтеру;
 - информатика мұғалімдерінің бәсекеге қабілеттілігін дамыту.

II. Олимпиаданың қатысушылары

- 2.1. Олимпиадаға оқыту тіліне қарамастан, мемлекеттік жалпы білім беретін мекемелердің информатика пәні мұғалімдері қатыса алады.
- 2.2. Олимпиада мемлекеттік тілде – қазақ тілінде өтеді.
- 2.3. Әр білім беру мекемесі 2 қатысушы ұсынады: «Step by Step» номинациясына 1 (бір) педагог және «AI инновация көшбасшысы» номинациясына 1 (бір) педагог.

III. Конкурсты өткізу тәртібі

- 3.1. Олимпиада 2 кезеңнен тұрады.
- 3.2. Бірінші кезең – *іріктеу* кезеңі. Іріктеу кезеңі **22 қарашада** академиялық адалдық принциптерін негізге ала отырып, қашықтан өткізіледі.

Техникалық талаптар бойынша нұсқаулық арнайы құрылатын WhatsApp топқа жіберіледі. Бұл кезеңде қатысушыларға 40 тест тапсырмасы (А деңгейі – 15, В деңгейі – 15, С деңгейі – 10) беріледі. Тестілеуден өтуге 90 минут уақыт беріледі.

3.2. Екінші кезең – негізгі кезең. Негізгі кезең **29 қарашада** 2 бағыт бойынша offline форматта өтеді. Негізгі кезең екі номинациядан тұрады:

1) «Step by Step» номинациясы. Бұл номинацияда Python программалау тілі бойынша орындауға 4 тапсырма (А деңгейі – 2, В деңгейі – 1, С деңгейі – 1) беріледі. Тапсырманы орындауға 2 сағат (120 минут) уақыт беріледі.

Негізгі кезеңге «Step by Step» номинациясы бойынша іріктеу кезеңінен ең жоғары (балл) жинаған 20 қатысушы (қатысушылардың баллы тең болған жағдайда ұйымдастыру комитеті шешімімен өзгеріс болуы мүмкін) өтеді.

2) «AI инновация көшбасшысы» номинациясы. Бұл бағыт бойынша қатысушылар ЖИ-ді сабағында қолданған бейнеролик және жобаны қорғайды. Бейнеролик 3 минут, жобаны қорғау 10 минуттан аспауы керек.

Бейнеролик пен жобаға қойылатын талаптар:

- **Пішімі** MP3 немесе MOV форматында, көлденең (ландшафт) түсірілім
- **Сапасы** HD (720p немесе 1080p), таза дыбыс, авторлық мазмұн
- **Мазмұны** Жобаның атауы, Жобаның мақсаты мен өзектілігі, Қолданылған AI технологиясы (мысалы: машиналық оқыту, чат-бот, бейне/дыбыс талдау, деректерді болжау т.б.), Нәтижелері мен практикалық қолдану саласы.
- **Ұсыну тәсілі** Google Drive жүктеу.
- **Жобаның бағыты** Жасанды интеллект технологияларын пайдалану арқылы нақты мәселені шешу
- **Құжаттамасы** Жоба паспорты (атауы, мақсаты, өзектілігі, күтілетін нәтиже), Пайдаланылған әдістер мен құралдар, Көрсеткіштер мен нәтижелер.
- **Инновациялық мазмұны** AI технологиясын ерекше, жаңа тәсілмен пайдалану, Қоғамдық маңызы бар шешім ұсыну.

3.3. Олимпиадаға қатысу үшін сұраныс 2025 жылдың 15 қарашаға дейін
<https://forms.gle/tvE26Us5YfHzh6cv7> сілтемесі (QR) бойынша қабылданады.



IV. Ұйымдастыру комитеті

- 4.1. Олимпиаданың өткізілу орнын немесе форматын белгілейді;
- 4.2. Қазылар алқасының құрамы мен қатысушылардың тізімін бекітеді;
- 4.3. Іс- шараны өткізу бағдарламасын дайындайды;
- 4.4. Олимпиадаға тіркелу және қатысу жөніндегі сұранысты қабылдайды;
- 4.5. Олимпиаданың іріктеу және негізгі кезеңдерінің қорытындысын жариялайды.
- 4.6. Өтетін орны: Астана қаласы, «Ақселеу Сейдімбек атындағы № 54 мектеп-лицей» ШЖҚМҚК, Иманбаева 4 көшесі.

V. Сараптау комиссиясы

- 5.1. Олимпиада нәтижелерін анықтау үшін сараптау комиссиясы құрылады. Сараптау комиссиясы құрамы Астана қаласындағы жетекші ЖОО ғалымдары, Педагогикалық шеберлік орталығының және Әдістемелік орталық мамандарынан жасақталады.
- 5.2. Сараптау комиссиясы олимпиада қатысушыларының жұмысын бағалайды, қорытындысын шығарады, жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.
- 5.2. Қатысушылардың жұмысын бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді.

VI. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

- 6.1. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері Әдістемелік орталықтың I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.
- 6.2. Олимпиаданың іріктеу кезеңінен өтіп, негізгі кезеңге қатысушыларға сертификаттар беріледі.
- 6.3. Байқау нәтижелері шешім шығарылған күннен бастап он күннен кешіктірілмей «Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚК <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында жарияланады.